

# Ақбеттау - Ақбет қыз

Жасыбай көлінен күн шығыс бағытқа созылған, орта шеңіне таман ойпаңдау келіп, ары қарай жоғарылай түскен алып тау жотасы жатыр. Бұл тау жотасы - Баянауыл поселкесінің солтүстігіндегі көпшілікке белгілі Ақбеттау. Оның құзар шыңы Жасыбай көлі жағында, биіктігі Балтық теңізі деңгейінен есептегенде 1026 м. Шыңның басына триангуляциялық белгі орнатылған. Онда 1026 м деп шойынға құйылып жазылған.

Ақбеттаудың ең биік шыңына осы жолдардың авторы өзімен сыныптас бес жолдасымен, 1951 жылы тамыз айында шығып, ондағы 10 кісі сыятын табиғи үңгірге бір түнеп шыққанын бүгінде мақтанш сезіммен еске алады. Сонда біздің көргеніміз: Ақбеттаудың дәл ортасындағы ойпаңда ұзындығы шамамен 40 м, ені 6-7 м жауыннан жиналған суы мөп-мөлдір шұңғыл көлшік бар. Оның тереңдігі 0,6 метрдей.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың немере інісі, осы жолдардың авторының ұстазы «Баян», «Олжабай батыр» атты тамаша дастандар жазған қарымды қаламгер, саналы өмірін оқу-ағарту қызметіне арнаған педагог Шаймардан Қожахметұлы Торайғыровтың айтуынша, Ақбеттаудың бұрынғы атауы «Күдей» екен.

Енді осы Күдейтаудың неліктен Ақбеттау аталғанын сөз етeliк.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Батыс-Сібірдің генерал-губернаторы П.Д.Горчаков қазақ халқына ақындық, әншілік, сазгерлік, күйшілік, батырлық, палуандық өнерімен танылған, сан түрлі металл мен ағаштан, сүйек пен мүйізден түйін түйген шебер Сегіз (Мұхамедқанапия) Бағрамұлы Шақшақовты Павлодар, Баянаула өңіріне баратын орыс қызметкерлеріне тілмаш етіп тағайындап, ұзақ сапарға жібереді. Сол жолы Сегіз сері Баянаула өңіріндегі қазіргі Торайғыр

көлі жағындағы далада ауылдары қалың орналасқан айлаболдар арасында болғанда Бүркітбай байдың қызы Ақбетпен танысады да, оған арнап «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет!» атты әндерді шығарады. «Ақбет» әнінің өлең жолдарының тексі төмендегідей:

Еркесі Баянтаудың Ақбет деген,  
Көрініп аққу құстай көлбеңдеген!  
Аршын төс, алма мойын, есіл гөзел,  
Шаттанып ел-жұртына еркелеген.  
Бүркітбай әкен аты, аған Омар,  
Ауылың айдын шалқар көлге қонар.  
Жазмыштың ақ бұйрығы жолықтырып,  
Ақбет қыз, жүзіңе сенің болдым құмар.  
Ақбетжан, ағаң айын, інің күнің,  
Артыңда Мұстафадай бар ғой інің.  
Алтыбақан басыңда ән шырқасаң,  
Құлақ құрышын қандырар әсем үнің.  
Өтеді басымыздан жастық бір күн,  
Сондықтан ойнаған жөн дүркін-дүркін.  
Барында оралыңның ойнақтап қал,  
Болады кімге жолдас дүние шіркін.  
Орысша білім алған едім сері,  
Жек көрме шоқынды деп сұлу мені.  
Жас талап, жаңа пері құрбын болып,  
Мінгенім Керей елі Қарагері!

Сегіз сері «Қыз келбетінде» Ақбеттің дене бітісін мадақтап, оған өзінің ғашық екенін былайша білдіреді:

«Нұр жүзінді көргенде,  
Буыным құрып, болдым мас.  
Ғашық болмай өзіңе,

Батыр Сегіз тұра алмас!» - деп айтады да, 9 шумақты осы әнді мынадай өлең жолдарымен аяқтайды:

«Сымбатына сүйсіндім,

Күйігін сенің басылмас».

Осынау әндерді естігеннен кейін Ақбет Сегіз серімен сөз байласқан екен. Сонда Сегіз сері Баянауладан аттанар шағында қызбен қоштасып тұрып «Қош бол, Ақбет» деген төрт шумақтан тұратын ән шығарып, оны:

«Аулың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан,  
Қабырғам сыңбаса да сөгіледі», - деп аяқтайды.

Алайда әр түрлі себептермен Сегіз сері Баянаулаға қайта орала алмайды. Сонда сүйген жігітін сарғая күткен Ақбет ішіндегі мұның жырға айналдырып:

«Тұратын жұрттан оның нығы асып,  
Өзгең сөйлетпейтін мысы басып.  
Керейде шынар жігіт Сегіз сері еді,  
Қашқын боп оралмады-ау қайран ғашық.

Кеткен соң сол ақиық келмей шеттеп,  
Отырмын өткен күнді мен де көксіп.  
Еске алып жас боздақты өлең еткен,  
Қызы едім, Бүркітбайдың атым Ақбет», - деген.

Расында шежіре бойынша Ақбет қыздың Омар деген ағасы, палуан, әнші, әрі күйші, әрі фольклорист Мұстафа деген інісі болады. Мұстафа Омбы қаласындағы офицерлер дайындайтын Азиялық мектепте Сегіз серімен бірге оқыған. Курсант Мұстафа Ерейментауға жазғы демалысқа барып, руы Қанжығалы Қасқара деген қайынағасымен күресіп, мертігіп 1833 жылы 27 жасында қайтыс болады.

Мұстафа - шығыс тарихын зерттеуші, Шокан Уәлихановтың қадет корпусындағы ұстазы Н.Ф.Костылецкийдің шәкірті. Оқып жүрген кезінде ұстазының ықпалы-

мен қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, қысқа новеллалар да жазған. Сонымен бірге, талай әндер де шығарған. Бірақ көбі сақталмаған. Бүгінде оның халыққа кең тараған «Бүркітбай» деген әні бар. Бұл әнде ол апасы Ақбетті:

«Сұрасан біздің Ақбет қасын керген,  
Шаштарың он күн тарап, бес күн өрген.  
Иіс май, әдеколон бірдей жағып,  
Айнасы жүз тенгелік жүзін көрген», - деп сипайттайды.

Ақыры осы кербез сұлу қыздың өмірі орны толмас қайғымен аяқталады. Бүркітбай «жең ұшынан жалғасамыз» деп Ақбет аруды өзімен рулас әрі ауылдас отырған бір бай ағайынның ақылсыз баласына атастырып, екеуі құда түседі. Алайда Ақбет ол жігітті сүймейді, оған тұрмысқа шығуды өзіне ар-намыс көреді. Қызының айтқан мұң мен зарына әкесі құлақ аспайды. Не керек, бір күні қалыңдық ойнауға күйеу жігіт ұрын келеді. Бүркітбай жаны қалмай Торайғыр көлінің жағасына ақ шаңқан киізден отау тіктіріп, қазақтың ескі салтымен ырым-жырым жасауға кіріседі. Сонда Ақбет тау жаққа барып, серуендеп қайтуға үйінен замандас қыздарын ертіп алып, Торайғыр шыңындағы күз жартасқа өрмелеп шығады да: «Қош болыңдар, құрбыларым», «Қош бол, жарық дүние» деп, биік жартастан секіріп мерт болады. Содан кейін жұрт ару қызды мәңгілік есте сақтау мақсатымен Күдейтауды Ақбеттау деп атап кетеді.

**Серік Жаксыбаев, Екібастұз қаласының құрметті азаматы, КСРО журналистер одағының мүшесі**